



қатар, адами қасиеттерімен де құрметке ие болды. Үлкен-кішіге бірдей қамқорлық көрсетті. Соғыстан кейінгі қиын жылдарда ауыл-елді аралап жүріп, науқастарға ем-дом жасады», – деп зейнеткер майдангердің еңбекқорлық қасиетін тілге тиек етті.

«ЖӘНІБЕК ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ КӨШЕГЕ ЕСІМІН БЕРСЕ...»

– Мен – Әпен Текебаевтың ең үлкен ағасы Меңжанның немересімін. Көкем Әпен Текебаевтың туғанына 120 жыл толуына арнап осындай кеш өткізген М. Мәметова мемориалдық музейінің ұжымына алғыс білдіремін. Бала кезімде көкемнің айтқан әңгімесі әлі есімде. «Ржев түбінде қырғын шайқас болды. Екі күннің ішінде 900 әскеріміз қырылып қалды. Санитарларым да қайтып оралмады. Түннің бір мезгілінде өзім еңбектеп шығып, ең болмаса жаны қиналып, ыңырсып жатқан адам болса, арқалап алып шыққым келген. Бірақ ешкім дыбыс берген жоқ. Ақ қардың үстінде 900 сарбаз жайрап жатты», – деп көзіне жас алып әңгімелегені бар еді.

Севастопольдағы соғысты «Шылдырлап шашылып жатқан гильзадан аяқ басатын жер болмады» деп есіне алатын. Мен есейген соң көкем ізімен жүріп, Ржев қаласына бардым. Онда 100 және 101-інші қазақ жеке атқыштар бригадалары әскерлерінің бейігіне барып, тағзым еттім. Әпен көкем Жәнібек ауылының Комсомол көшесіндегі 99-үйде тұрған. Қазіргі кезде бұл көшеге басқа соғыс ардагерінің есімі берілген. Мен Жәнібек ауылындағы бір көшеге әскери дәрігер болған Әпен Текебаевтың да есімі берілсе деп сұраймын. Әпен көкем мен Әмина апамның балалары болмады. Бірақ жеңгесінің қызы Райсаны, немере ағасының қызының қызын асырап алды. Өте балажан кісі болды. Майдангер көкеміздің жолын жалғаған бауырлары бар. Атам Меңжанның Алматыда тұратын қыздары Әлия мен Жарқынай дәрігер болып қызмет етті. Ғаппар Текебаевтың қызы Сәуле де дәрігер болды, – деп әңгімеледі майдангердің тумасы Аймана Меңжанова. Сонымен қатар ол Текебаевтарға жиен боп келетін қазақтан шыққан тұңғыш генерал Шәкір Жексенбаев пен Әпен Текебаевтың түрлі-түсті сурет портреттерін музей қорына сыйға тартты.

Іс-шарада мемлекеттік қызмет саласының ардагері, облыстық тілдерді дамыту басқармасының бұрынғы басшысы, зейнеткер Махамбет Ихсанғали да сыр шертті.

– Анам Шолпан Текебаева белгілі облыс ақыны болды. Нағашымыз Әпен Текебаев – майдан даласында да, соғыстан кейін де халыққа адал қызмет еткен азаматтардың бірі. Ол кісінің кәсібі шеберлігі мен адами қасиеттері ел арасында әлі де айтылып жүр. Мысалы, Жәнібек ауданының Күйгенкөл совхозынан шалғайда тұратын малшының немересі ауырып қалады. Әпен ағамыз ат-шанамен барып, ем-дом жасап, жазады. Сол бала ер жетіп, Орал қаласында үш жыл әкім болды. Әпен ағамыз перзентіне шипа дарытқаны үшін алғыс айтып, шаңасына қойын салып берген малшының сый-сияпатын қабылдапты. Ағамыз «Менің міндетім – адамдарды емдеу» деп ешкімнен ақы-төлем алмаған. Ол кісінің қолының шипасы басқа дәрігерлердікіне қарағанда бөлектеу болған деп есептеймін. Кезінде бір ағамыздың желкесіне қайта-қайта шиқан шығып, ауыра беріпті. Ұзынкөл совхозында медпунктте отырған Әпен дәрігерді іздеп барады. Ол бұл кісіні аппақ қабырғаға арқасын беріп, тұрғызып қояды. Сөйтеді де екі саусағымен шиқанды басып қалды. Қолының ептілігі сондай, жараның өзегі жұлынып түседі. Ағамыз «Содан кейін ешқашан шиқан шықпады» деп еске алып жүрді. Әпен ағамыз қартайса да қызметтен қол үзбеді. Шалғайдағы ауылдардан көлікпен келіп алып кетіп, шипалы еміне жүгініп жүрген, – деп есіне алды зейнеткер.

Сонымен қатар кеш қонақтары – Бауыржан Текебаев, Люба Қайсағалиқызы, Мариям Сиражева, Нұртай Текебаев та сөз алды. Олар Текебаевтар әулетінің басын қосқан ілкімді іс-шара үшін ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді. М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың Мәдениет және өнер факультетінің оқытушысы Айжан Мұхамбетжанова Мұхит Мерәліұлының «Айнамкөз» әнін әуелете шырқады. Көзкөргендердің бірі майдангер Әпен Текебайұлының Мұхиттың әндерін жақсы көргенін, әсіресе «Айнамкөзді» ерекше ықыласпен тыңдағанын айтқан.

Айна ИМАШЕВА,
Орал қаласы

Өмірге құлшыныс арттырған жеңіс

Мүгедектік – адамның өмірге деген құқығын шектемейді. Мұның жарқын дәлелі – Круглоозерный арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының қызмет алушылары. Бұл орталықтағы мүмкіндігі шектеулі жандар, соның ішінде арбаға танылған азаматтар да спортпен шұғылданып, өз шеберліктерін жетілдіруге мүмкіндік алған. Олар үшін спорт – жай ғана жаттығу емес, өмірге бейімделудің, өз-өзіне сенім артудың жолы.

Жуырда Ақтау қаласында Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Түркия сынды түркітілдес бес елдің тағдырлы спортшылары қатысқан бочча турнир өтті. Аталмыш сайыста Круглоозерный орталығының



спортшылары да бақ сынап, ел намысын қорғады.

Бірінші айналымда Түркия командасын 1:0 есебімен жеңіп шыққан ерлестеріміз финалда Қырғызстан құрамасымен кездесті. Нәтижесінде Александр Павленко II орынға, ал Асыланбек Сақтаған I орынға ие болып, орталықтың мәртебесін асқақтатты.

– Бір жылдан астам дайындалған еңбегіміз ақталды. Қызмет алушыларымыздың

жеңісі бәрімізге қуаныш сыйлады, – деді орталықтың дене шынықтыру пәні мұғалімі Марат Хамидоллаұлы.

Өмірге құлшыныс пен табандылықтың үлгісін көрсеткен бұл жандардың жеңісі – тек спорттағы жетістік емес, рухтың жеңісі.

Марат ШАЙХИЕВ,
Круглоозерный арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының қызметкері

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті №4 Студенттер үйінің (бірінші қабат) аумағындағы жылжымайтын мүлікті буфет ашу мақсатында жалға берілетіні туралы хабарлайды.

Мекенжайы: Орал қаласы, Студенттер көшесі, 2/2.

Жалпы алаңы: 93,86 шаршы метр.

Айлық жалдау ақысы: 321 000 теңге.

Ғимарат жылыту, кәріз, электр жарығы және су жүйелерімен қамтамасыз етілген.

Буфетке қажетті жабдықтарды жалға алушы өз есебінен сатып алады.

Жалға алушыларға қойылатын талаптар:

1. Кәсіпкердің соңғы бір жылдағы құқықбұзушылықтар болмағаны туралы анықтама ұсынуы;
2. Мемлекеттік сатып алу қатысушыларының тізілімінде болмауы;
3. Жалдау мерзімі ішінде мүліктің сақталуын қамтамасыз етуі;
4. Жалға алушының қызмет түрі қоғамдық тамақтану саласына сәйкес болуы;
5. Буфет университеттің студенттері мен қызметкерлерін тамақтанумен қамтамасыз етуі тиіс;

6. Университет басшылығының келісімінсіз қала тұрғындары мен ұйымдарына қоғамдық тамақтану қызметін (банкеттер, еске алу кештері және өзге де іс-шаралар) көрсетуге тыйым салынады;

7. Нысан субаренда құқығынсыз жалға беріледі;

8. Қоғамдық тамақтану нысандарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы міндетті.

Құжаттарды қабылдау:

Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төмендегі мекенжай бойынша қабылданады:

БҚО, Орал қ., Н. Назарбаев даңғылы, 162, 107-кабинет.

Электронды пошта: univer_zkgu@mail.ru

Байланыс телефоны: 8 775 490 40 42

«Taskor Inter» ЖШС 2025 жылдың 25 қараша мен 2025 жылдың 2 желтоқсан аралығында Қоршаған орта және табиғи ресурстар жай-күйі ұлттық деректер қорының <https://ndbecology.gov.kz> сайтында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды:

1. ҚР БҚО-дағы Ақжайық ауданында Круглый тұзды күмбезінде калий тұздары мен ілеспе компоненттерін барлау жоспары

2. ҚР БҚО-дағы Ақжайық ауданында Лебяжий тұзды күмбезінде калий тұздары мен ілеспе

компоненттерін барлау жоспары

3. ҚР БҚО-дағы Ақжайық ауданында Сахарный тұзды күмбезінде калий тұздары мен ілеспе компоненттерін барлау жоспары

Бастамашы: «Taskor Inter» ЖШС, Алматы ауданы, Ілияс Жансүгіров көшесі 8/2, БСН 141040015682.

Жобалық құжаттама пакетін ескертулер мен ұсыныстар үшін Қоршаған орта және табиғи ресурстар деректерінің Ұлттық деректер қорының (<https://ndbecology.gov.kz>) сайтында көруге болады.

«Жайық Пресс» ЖШС мен «Орал өңірі» газеті редакциясының ұжымы редакцияның бұрынғы қызметкері Гүлайым Мұсағалиеваға әкесі

Елеу Мұсағалиевтің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Жайық Пресс» ЖШС мен «Орал өңірі» газеті редакциясының ұжымы редакция қызметкері Алмат Жұмашевке жездесі

Бақтығали Қуаншалиевтің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет ҚР Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде 2023 жылғы
19 мамырда тіркеліп,
№КЗ49VPU0070442 куәлігі берілген



zhaikpress.kz

«ORAL ÓNIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың
қабылдау бөлмесі 50-30-14.
Бас редактор 51-25-80.
Бас редактордың
орынбасарлары 54-18-08.
Жауапты хатшы 54-38-22.
Жарнама қабылдау
тел./факс: 51-51-09.
Эл. пошта:
zhaikpress-reklama@mail.ru
Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Л. Толстой көшесі, 27/6. Телефон: 50-51-46
Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 8875
4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар:

Н. СУЛТАНОВА, Г. ҚОЛҒАНАТОВА

Кезекші редактор: **Ж. МЕРЕКЕҚЫЗЫ**